

**«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ АЛКОГОЛЬ, ЕСІРТКІ ҚҰРАЛДАР, ПСИХОТРОПТЫҚ
ЗАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНАЛОГТАРЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ**

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Қазақстан Республикасының ұлттық мұнай-газ компаниясы бола отырып, қызметкерлер мен қоғам алдындағы жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу үшін жауапкершілікті толықтай сезінеді.

ҚМГ салауатты өмір салтын ұстануды қолдайды және алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарынан масаң күйде әрі өздерінің және айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қызметкерлердің ақылға қонымсыз әрекеттерінің нәтижесінде туындаған, күтпеген жағдайлардың даму мүмкіндігіне байланысты өзінің алаңдаушылығын білдіреді.

Алкоголь өнімдерімен, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарына байланысты қауіптерді болдырмау және тәуекелдерді азайту үшін ҚМГ мыналарға тыйым салады:

алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарынан масаң күйде немесе олардың салдарының әсеріндегі қызметкерлерді және өзге тұлғаларды ҚМГ нысандарына жіберуге;

қызметкерлердің және ҚМГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғалардың алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарын, сондай-ақ айналымы шектеулі заттарды, олардың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде, оның ішінде ҚМГ нысандарынан тыс жерде (медициналық мекеменің тиісті ұйғарымы бар болған жағдайда, еңбек (қызметтік) міндеттерін толыққанды орындауға кедергі келтірмейтін дәрілік заттардан басқа) иеленуге, пайдалануға, дайындауға, сақтауға және таратуға;

қызметкердің міндетті ауысым алдындағы медициналық куәландырудан, рейс алдыдағы және рейстен кейінгі медициналық қараудан (белгіленген жағдайларда) не болмаса қызметкердің алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарын тұтыну фактісін анықтаумен байланысты өзге белгіленген рәсімдерден өтусіз жұмысқа жіберу;

Сонымен бірге, ҚМГ:

ҚМГ нысандарына жіберу кезінде қызметкерлердің келісімімен олардың жеке заттарын сырттай визуалды қарауға;

қызметкерді және ҚМГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғаны мынадай жағдайларда алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтарынан масаң күйде болу фактісін анықтау бойынша кезектен тыс рәсімнен өтуге дереу жіберуге құқылы:

- апат немесе жазатайым оқиға нәтижесінде;
- қызметкердің алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтары, не өзге масаң күйде болуына негізді күмәндану кезінде (ақылға

қонымсыз мінез-құлқымен, қызметкерден ішімдік иісінің болуымен, уақытша физиологиялық өзгерістермен қоса, бірақ шектелмей);

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ҚМГ ішкі құжаттарымен көзделген өзге жағдайларда;

қызметкерлердің немесе ҚМГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғалардың алкоголь, есірткі құралдар, психотроптық заттар және олардың аналогтары, не өзге масаң күйде болу фактісін анықтау бойынша ішінара рәсімдерді жүйелі түрде өткізуге, ерікті негізде қызметкерлердің жеке заттарын сырттай визуалды қарауға;

белгіленген тәртіпте қызметкерді немесе ҚМГ мүдделерінде әрекет етуші өзге тұлғаны осы Саясаттың ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жазаға тартуға, тіптен еңбек шартын бұзуға құқылы.

Саясаттың қолданысы ҚМГ-нің барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ жасалатын шарттарда көрсетілген талаптарға сәйкес ҚМГ объектілерінде қызмет көрсететін, оның ішінде көлікпен тасымалдауды орындайтын мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне таралады.

Осы құжат барлық мүдделі тараптар үшін ашық және қол жетімді болып табылады.

ҚМГ басшылығы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ басқару жүйесіне қажетті ресурстар мен жағдайларды қамтамасыз етуге жауапкершілік алады.